

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 33 "Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй - жайлардың орналастырылуын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5 ақпандағы № 29 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2021 жылғы 9 ақпанда № 4457 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Заңына сәйкес Маңғыстау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 33 "Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй – жайлардың орналастырылуын бекіту туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2653 болып тіркелген, 2015 жылғы 7 сәуірде "Маңғыстау" газетінде жарияланған) келесідей өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

қосымшада:

Ақтау қаласы бойынша:

келесідей мазмұндағы реттік нөмірі 10-1 жолмен толықтырылсын:

"

10-1	Кітап дүкені	16 шағын ауданы, 60 үй, 27 тұрғын емес жайы
------	--------------	---

".
;

Бейнеу ауданы бойынша:

реттік нөмірі 11 жол алып тасталсын;

Жаңаөзен қаласы бойынша:

келесідей мазмұндағы реттік нөмірі 15 жолмен толықтырылсын:

"

15	"Ummastore" дүкені	Арай шағын ауданы, Маңғыстау даңғылы, 8 құрылыс, "Сұлу" сауда орталығы, 2 қабат, № 13 бутик
----	--------------------	---

".

2. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Г.М. Қалмұратоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облысының әкімі

С. Трумов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК